

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

Болашақ университеті



Эдвайзер туралы ереже

Қызылорда, 2021

АЛҒЫ СӨЗ

1. ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ҰСЫНЫЛДЫ Қызылорда Болашақ университетінің Академиялық мәселелер жөніндегі бөлім басшысымен

2. БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ Қызылорда Болашақ университетінің Ғылыми кеңесінің шешімімен «31» 08 2021 ж № 1 хаттамасы

Мазмұны

1. Нормативтік сілтемелер.....	4
2. Терминдер және анықтамалар.....	5
3. Қолданылған қысқартулар	7
4. Жалпы ережелер.....	7
5. Эдвайзерлер қызметінің мақсаттары мен міндеттері.....	8
6. Эдвайзердің функционалдық міндеттері.....	8
7. Эдвайзердің құқықтары.....	10
8. Жауапкершілік.....	10
9. Келістіру, сақтау және тарату.....	10
Келісу парағы.....	11

Эдвайзер туралы ереже

1. Нормативтік сілтемелер

Осы Ережеде келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер қолданылады:

1) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы № 319-III ҚРЗ (06.05.2020 ж. өзгерістерімен)

2) «Білім берудің барлық деңгейлерінде мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы (05.05.2020ж. өзгерістерімен)

3) «Білім берудің кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережесі» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы (2018 жылғы 12 қазандағы № 563 өзгерістерімен)

4) «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің типтік ережелері» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы.

5) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 «Қашықтықтан білім беру технологияларында оқу процесін ұйымдастыру ережесі» бұйрығы, (2020 жылғы 13 сәуірдегі № 141 өзгертулерімен)

6) «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында оқуға жіберудің үлгілік ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығы

2. Терминдер және анықтамалар

Осы ережеде терминдер мен анықтамалар нормативтік құжаттарға, сондай-ақ келесі анықтамаларға сәйкес қолданылады:

- 1) **Академиялық күнтізбе** демалыс күндерін көрсете отырып, оқу жылындағы оқу-бақылау іс-шараларының, тәжірибелерінің күнтізбесі;
- 2) **Эдвайзер** тиісті білім беру бағдарламасы бойынша білім алушының академиялық тәлімгері қызметін орындайтын, әкімшілік, қоғамдық ұйымдар, академияның профессорлық-оқытушылық құрамы мен білім алушылар арасында тиімді өзара әрекеттесуді жүзеге асыратын оқу жолын таңдауға көмектесетін оқытушы.
- 3) **Тіркеу офисі** білім алушылардың оқу жетістіктерінің бүкіл тарихын жазатын, білімді бақылаудың барлық түрлерін ұйымдастыруды және білім алушылардың академиялық рейтингін есептеуді қамтамасыз ететін қызмет;
- 4) **Жұмыс оқу жоспары** білім алушылардың игеруі үшін қажетті кредиттерді көрсете отырып, жоғары оқу орны компоненті бойынша да, таңдау компоненті бойынша да жалпы білім беретін, базалық және бейіндеуші пәндер цикліне топтастырылған оқу пәндерінің толық тізбесін қамтитын құжат;
- 5) **Жеке оқу жоспары** білім беру бағдарламасы және элективті пәндер каталогы және (немесе) модульдер негізінде эдвайзердің көмегімен білім алушы әрбір оқу жылына дербес қалыптастыратын оқу жоспары

- 6) Оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік жүйесі** халықаралық практикада қабылданған цифрлық эквиваленті бар әріптік жүйеге сәйкес келетін және білім алушылардың рейтингін белгілеуге мүмкіндік беретін баллдардағы оқу жетістіктерінің деңгейін бағалау жүйесі;
- 7) Кредиттік оқыту технологиясы** академиялық кредиттер жинақтай отырып, пәндерді және (немесе) модульдерді оқып үйренудің кезектілігін студенттің таңдауы мен өздік жоспарлау негізінде оқыту;
- 8) Элективті пәндер** жоғары оқу орны компонентіне және белгіленген академиялық кредиттер шеңберінде таңдау компонентіне кіретін және білім беру ұйымдары енгізетін құжат
- 9) Білім беру бағдарламасы** негізгі құзыреттіліктерін қалыптастыру мақсатында білім алушымен анықталған білім беру бағдарламасы;

3. Қолданылған қысқартулар

Осы ережеде келесі қысқартулар қолданылады:

ЖОЖ – жұмыс оқу жоспары;

ЖОЖ – жеке оқу жоспары;

БББ – білім беру бағдарламасы;

ЭПК - элективті пәндер каталогы;

GPA (Grade Point Average) – білім алушының жалпы үлгерімін көрсететін орташа балл.

4. Жалпы ережелер

1. Эдвайзер туралы осы ереже (бұдан әрі - «Ереже») жұмысты ұйымдастыруды және олардың міндеттерін анықтайды
2. Эдвайзер (Advisor) - тиісті білім беру бағдарламасында білім алушы үшін тәлімгер функциясын орындайтын және жеке оқыту жолын қалыптастыруға және дамытуға көмектесетін оқытушы.
3. Эдвайзерлік оқытушының кәсіби қызметінің құрамдас бөлігі болып табылады
4. Эдвайзерлер ректордың бұйрығымен бітіруші кафедра меңгерушілерімен және факультет деканымен келісім бойынша профессорлық-оқытушылық құрамынан тағайындалады.
5. Эдвайзер болып оқу және оқу-әдістемелік құжаттаманы дайындау тәжірибесі бар, педагогикалық жобалау және білім беру бағдарламаларын әзірлеу тәжірибесі бар, кредиттік технологияны қолдану арқылы оқыту әдістемесі мен әдістерін жақсы білетін оқытушылар тағайындалады.
6. Эдвайзердің міндеттерінен босату ректордың бұйрығымен жүзеге асырылады.
7. Эдвайзерлер кафедра меңгерушісіне бағынады және есеп береді, ол олардың академиялық жұмыс бөлігіндегі қызметін реттейді. Кафедра меңгерушісі эдвайзерлердің назарына университет бойынша барлық өкімдерді жеткізеді. Кафедра меңгерушісі эдвайзерлерді тағайындау туралы ұсыныстар береді, бақылауды жүзеге асырады және ағымдағы қызметте эдвайзерлерге көмек көрсетеді.
8. Тәрбие жұмысы бөлігінде эдвайзер тәрбие жұмысын және деканаттың жұмысын үйлестіре отырып, жоғары мектеп деканына бағынады. Эдвайзерлер тіркеуші офисімен тығыз байланыста жұмыс істейді
9. Университеттің қоғамдық ұйымдары тәрбие ісі жөніндегі проректор арқылы академиялық топтардың эдвайзерлерімен тығыз байланыс орнатады, оларды университетте және одан тыс жерлерде өткізілетін іс-шараларға араластырады.

10. Эдвайзер білім алушыларды бірінші курстан бастап бітіргенге дейін бақылайды.
11. Эдвайзердің жұмысы университет оқытушысының кәсіби қызметінің ажырамас бөлігі болып табылады.

5. Эдвайзерлер қызметінің мақсаттары мен міндеттері

12. Эдвайзерлердің басты мақсаты - білім беру бағдарламасын қалыптастыруға және дамытуға, оқу кезеңінде білім алушыларды оқудың жеке траекториясын таңдауға көмектесу болып табылады.
13. Эдвайзерлердің негізгі міндеті - академиялық қолдау көрсету және оқу тобында тәрбие жұмысын ұйымдастыру, өзін-өзі басқаруды қалыптастыру және білім алушыларды университеттің қоғамдық-шығармашылық өміріне тарту, білім алушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауы мен олардың білім алуының соңғы кезеңінде кәсіби бейімделуіне ықпал ету болып табылады.

6. Эдвайзердің функционалдық міндеттері

Академиялық қызметі:

16. Осы Ережеде және қолданыстағы нормативтік-нұсқаулық құжаттарында белгіленген іс-шаралар бойынша өзіне бекітілген білім алушылармен ұжымдық және жеке кездесулерді қарастыратын жұмыс жоспарын құру.
17. Білім алушыға жеке оқу жоспарын құруға және түзетуге көмек көрсету.
18. Оқылатын пәндер бойынша білім алушыларға силлабустардың уақтылы берілуін, барлық пәндер бойынша аралық бақылау мен аралық аттестаттау ережелерін сақтауын бақылау.
19. Элективті пәндер каталогын әзірлеуге қатысу.
20. Білім алушылардың рейтингін бақылау.
21. Білім алушылардың оқу үлгерімі бойынша жоғары мектеп отырыстарына қатысу.
22. Пәнді қайта оқу, оқу жоспарларындағы айырмашылықтарды тапсыру кезінде оқу ақысын уақтылы төлеуді бақылау.
23. Жеке оқу жоспарына сәйкес оқу жоспарларындағы пәндер айырмашылығын, академиялық қарызды өтеу мерзімдерін анықтау.

24. Білім алушылармен консультациялық жұмыс жүргізу:

- білім алушыларды оқу процесін ұйымдастыру ережелерімен таныстыру;
- типтік және жұмыс оқу жоспарларымен және элективті пәндер каталогымен, міндетті компоненттің тізімін құруға қойылатын талаптармен, курстардың пререквизиттері мен постреквизиттерімен таныстыру;
- кредиттік оқыту технологиясының жұмыс істеуі мен жүзеге асырылуының негіздерін түсіндіру.
- білім алушыларға кредиттер жиынтығының дұрыстығын және орташа алынған бағаны (GPA) есептеу әдістемесін түсіндіру;
- Университеттің ішкі ережелерін түсіндіру;
- Университет білім алушысының ар-намыс кодексімен танысу.

25. Болашақ университетінің академиялық ұтқырлық шеңберінде серіктес бағдарламалары негізінде шетелдік жоғары оқу орындарында білім алғандардың кредиттерін қайта есептеу процесін сүйемелдейді, олар шетелде оқу барысында университеттің білім беру бағдарламасының бекітілген оқу жоспарына сәйкес келетін пәндер бойынша кредиттер жинай алады.

Тәрбие жұмысы:

26. Өзіне бекітілген білім алушылармен олардың оқу үлгерімін, азаматтық жауапкершілігін, патриоттық сезімін арттыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы ойлауды қалыптастыру, тәртіпті және сабаққа қатысуды, оларды кафедраның, университеттің профессорлық-оқытушылық құрамының қоғамдық өміріне қатыстыру және т.б. бойынша тәрбие жұмысын жүргізу.

27. Жатақханада тұратын білім алушыларға үнемі бару, оларға тұрмыстық және әлеуметтік мәселелерді шешуге көмектесу.

28. Білім алушылардың ата-аналарымен немесе туыстарымен байланыс жасау.

29. Білім алушылар туралы қажетті әлеуметтік ақпаратты жинау және ұсыну.

30. Білім алушыларды қоғамдық жұмыстарға көмектесуге, ғылыми-зерттеу жұмыстарына тартуға ықпал ету және өзін-өзі басқарудың әртүрлі формаларын дамыту.

31. Кафедра меңгерушісін, жоғары мектеп басшылығын, білім алушылардың ата-аналарын (туыстарын) с оқу және оқудан тыс іс-әрекеттері, мәселелері бойынша уақытылы хабардар ету.

7. Эдвайзердің құқықтары

Эдвайзердің құқықтары:

32. Барлық пәндер бойынша оқу процесінің барлық қатысушыларының ағымдық, аралық және қорытынды бақылау ережелерін сақтауын тексеру;
33. Жалпы топқа да, жеке білім алушыларға да қатысты барлық мәселелерді талқылауға қатысу;
34. Өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша қажетті ақпарат пен құжаттама алу;
35. Өз құзыретіне кіретін мәселелерді қарастыру кезінде жоғары мектеп кеңесінің жұмысына қатысу;
36. Университеттің жұмысына, оқу-әдістемелік кеңесіне, жұмыс оқу жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлеу бойынша жиналыстарға, семинарларға, элективті пәндер каталогын құруға қатысу;
37. Оқу-әдістемелік кеңес пен университет басшылығына білім беру қызметін жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу.

8. Жауапкершілік


38. Осы Ережемен эдвайзерлерге жүктелген міндеттер мен функцияларды сапалы және уақтылы орындау үшін толық жауапкершілікті эдвайзерлердің өзі көтереді.
39. Берілген міндеттерге әділетсіз қатынас, оларды уақтылы және сапасыз орындау жағдайында эдвайзерлер ректордың тиісті бұйрығымен қайтарылып алынуы мүмкін.

9. Келістіру, сақтау және тарату


40. Осы Ережені үйлестіру оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректормен, тәрбие ісі жөніндегі проректормен, академиялық мәселелер жөніндегі бөлім басшысымен, ішкі сапаны қамтамасыз ету бөлім басшысымен рәсімделеді.
41. Осы Ереженің жұмыс көшірмесі академиялық мәселелер жөніндегі бөлімде сақталады.

Келісу парағы


«КЕЛІСІЛДІ»

Оқу - ғылыми
жұмыстар жөніндегі проректор
 Г.А Жусупова

«КЕЛІСІЛДІ»

Академиялық мәселер
жөніндегі бөлім басшысы
 А.У. Тулепбергенова

«КЕЛІСІЛДІ»

Ішкі сапаны қамтамасыз ету және
стратегиялық талдау бөлімінің басшысы
 Л.К. Спанова

